

## Көше атын беру туралы

### *Күші жойған*

Жылыой ауданы Жаңа Қаратон поселкелік округі әкімінің 2008 жылғы 28 қазандағы N 45 шешімі Жылыой аудандық әділет басқармасында 2008 жылғы 25 қарашада N 4-2-101 тіркелді. Күші жойылды - Жылыой ауданы Жаңа Қаратон поселкесі әкімінің 2010 жылғы 6 желтоқсандағы N 68 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Жылыой ауданы Жаңа Қаратон поселкесі әкімінің 2010.12.06 N 68 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 " Әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармағына және мұнайшы, геолог-барлаушы, бұрғышы, есімі елге танымал адамдардың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Аудандық ономастикалық комиссияның 2008 жылғы 11 сәуірдегі N 5 ұйғарымының қорытындысына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН** :

1. Жаңа Қаратон поселкесінің N727а-б-N728а-б, N733а-б-N 736а-б, N743а-б-N746а-б, N754а-б-N756а-б, N777а-б-N780а, N807а-б-N812а, N848а-б-N849а-б, N853а-б, N858а-б-N859а-б, N863а-б-N865а-б, N868а-б-N869а-б үйлері аралығындағы көше мұнайшы, геолог Жолдас Жұмалиевтің есімі берілсін.

2. Жолдас Жұмалиевтің есім берілген көше тұрғындарына көшені ауылдағы үлгілі көшеге айналдыру, көше тәртібі мен тазалығын сақтау ұсынылсын.

3. Шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н е д і .

*Поселке әкімі*

*Д. Нұртазин*